

Өздерінің істеген аюандықтары үшін гитлершіл нәззәптардан аяусыз кен алайық!

Неміс басқыншылар құртылсын!

Айыпталушылардың айыпталушылары: Рецлав Рейнгард, Лангхельд Вильгельм, Риц Гаис және Буланов, оларға қойылған айыптар жөнінде өздерінің толық айып-өкілдерін мойындады.

15 декабрьдегі сот мәжілісі

Айыпталушылардың айыпталушылары: Рецлав Рейнгард, Лангхельд Вильгельм, Риц Гаис және Буланов, оларға қойылған айыптар жөнінде өздерінің толық айып-өкілдерін мойындады.

Лангхельдтің және басқа неміс офицерлерінің мұндай істері әдетке айналды. Айыпталушы тайсалмас тағы да бір қылмыс жөнінде мәлімдеді. Бұл жолы ешбір жазықсыз украин әйелдері Лангхельдтің құрбандығы болды. Бұлар өздерінің туысқандарын және шаруалар еді. Лангхельдтің әйелдерді, оның ішінде бес жасар баласы бар әйелді тұтқындарға алды. Олардан партизандар мен лагердегі соғыс тұтқындары арасында байланыс жасауға көмектесті деген өтірік мәлімдеме жасады. Шаруаларды таяқ пен жәбірмен ұрды.

Бірақ қандай ғана болмасын азап пен қорлық совет әйелдерін өтірік көрсетінді беруге мәжбүр ете алмады. Мұнан соң Лангхельд жергілікті комендатураға партизандар мен соғыс тұтқындарын бес рет байланысты бөлгендігі тағайындалды деп хабарлады. Сөйтіп 5 әйел атып өлтірілді.

Прокурор. Әйелдер алтау еді ғой. Алтыншысы қайда кетті?

Лангхельд, ол әйелдің ұрып-соғудан өлгендігін және сондықтан оны құрбандықтардың тізіміне жазудың қажеті жоқ екендігін айтты. 5 жастағы баласы бар әйел тап осы әйелдің өзі еді.

Прокурордың, баланы, не қылың

16 декабрьдегі танертенгі мәжілісте айыпталушы Лангхельд тергеу луде болды. Ол «газ машинасын» 1942 жылдың май айында Харьковте, «СД» штабының қорасында, оған адамдар тиіп жатқан кезде көргендігін айтты. Бұл автомобильдің қарақондыр түсі бар, жан жағы жабық, арт жағында өздігінен жабылатын есігі бар. Мұндай «газ

дындар, — деген сұрағына, — Лангхельд былай деп жауап берді:

—Ол өліп қалған шешесіне жарма сып, шырылдап жылады. Бұл әйелдің өлігін үйден шығарып тастауға келген ефрейтордың мазасын алған көрінеді, сондықтан ол баланы атып тастады.

Адам жегіш зұлымның мәлімдемелерін залда отырғандар толқушылықпен, жаратпай тыңдады.

Бұдан соң Лангхельд совет адамдарын көмір тегі қышқылымен тұншықтыру үшін арнаулы жабдықталған автомашиналар «газ автомобильдерінің» бар екендігін білмегендігін, сондай-ақ автомобильге совет адамдарын қалай тиіеу керек екендігін бақылағандығын да мойындады.

Айыпталушының мәлімдемелерінен террорлық тәртіптің, жантүршігерлік бейнелері мен соғыс тұтқындарының лагерлеріндегі суайттықтың бейнелері анықталды. Лангхельд мынандай факті келтірді: лагерлердің бірінде тұтқындар ешбір панаһсыз далада жатты. Жылыну үшін олар түні бойы от жақты. Лагерь бастықтары бұған рұқсат етті. Бұдан соң солдаттар юттың маңына жыйылған ешбір қорғанышсыз адамдарға қарсы оқ атты. Бұл алдың ала ойланған зұлымдық программа еді.

—Айтыңызшы, Лангхельд, — деп сұрады прокурор, — Сіз өзіңз неше совет азаматын өлтірдіңіз?

—Цифрын айту қыйын, — деп жауап берді палач, — бірақ күзден кем емес деп ойлаймын.

Прокурор. — Харьков пен Харьков облысын оккупациялаған кезде немістер қанша совет адамның қырғандығы Сізге мәлім бе?

Лангхельд. — 30.000нан аса адам жойылғандығын естідім. Осынша, әйтпесе одан да көп адам Киевте, 15.000дай адам — Полтавада қырылды.

Лангхельд және ол сыяқтылар совет адамдарын жаппай қыру туралы герман үкіметінің нұсқауларын осылайша жүзеге асырып отырған.

Лангхельдтың соғыстан бұрын Майнедегі Франкфурт қаласының қалалық басқармасының чиновнигі болып істегендігі, ұлтшыл-социалист партиясына 1933 жылы кіргендігі келешек тергеулер арқылы анықталды.

Лангхельдті тергеу аяқталғаннан кейін 16 декабрьдегі сағат 10ға дейін үзіліс жарияланды.

«автомобилі» — оккупацияланған совет территориясының көптеген қалаларында: Харьковте, Полтавада, Киевте, Смоленскіде қолданылды. Лангхельд, «газ автомобилінің» герман үкіметінің тапсыруы бойынша қолданылғандығын айтты. Ол өзінің ең жақын көмекшілерінің фамилияларын атады: Фельдфебель Рунче ату туралы үкімдерді орындады, ал

тілмаш Шульд аға ефрейторлар Этман және Майне тергеулерде адамдарды ұрып-соғып, азаптауға қатысты. Ол, соғыс тұтқындарының лагерлерінде неміс офицерлерінің адамдарды аңша атқандығын, оларды шешіндіріп, бағалы заттарын тартып алғандығын айтты.

Лангхельдтен кейін СС әскерлерінде унтерштурбаннфюрер болып қызмет атқарған айыпталушы Риц тергелді. Риц, СС әскерлері басқа армия бөлімдері сыяқты қолданылатындығын айтты, бірақ әсэсовшыларға ерекше талаптар қойылды: олардың тегі әреіс белгілі бір бойлы, ұлтшыл-социализмге берілген және басқа сондайлары болу керек. Риц СС ротасын басқарды, рота жазалаушы орган болып саналып, Таганрог қаласындағы «СД зондеркомандасына» қосылған болатын. Ол ату, халықтарды деревнялардан еріксіз көшіру, тұтқындарды тасу және оларды күзету істерін жүргізді.

Бұдан соң айыпталушының жауаптарынан СС ротасының қызметі, ең алды мен, бейбіт халықты жою екендігі анықталды. Әсэсовшылар қарттарды, әйелдер мен балаларды жойды. Риц, тек жалғыз Таганрог ауданының өзінде ғана оның бұйрығы бойынша 300 шамалы адамның жойылғандығын мойындады.

Риц, совет адамдарын «газ автомобильдеріне» салып өлтірудің қалай жүргізілгендігін сотқа мәлімдеді.

—Маған Харьковте лейтенант Якобе мен жолығуға тура келді, — дейді айыпталушы. — Якобе маған түрмелерді тұтқындардан жеңілдетіп арнаулы әдістің бар екендігін мәлімдеді. Бұл әдіс — адамдарды «газ автомобилі» мен тұншықтыру. Көп ұзамай-ақ Якобенің рұқсатымен түрменің қорасындағы бұл машинаны қарадым. Машинаны көрсетіп жатып, Якобе машинаның есіктерін ашты: оның іш жағы темірмен қапталған екен, оның астын да мотордан газ келетін тесіктер бар екен. Бұл газдар арқылы адамдар ұландырылады. Машинаны қарап болғаннан кейін, түрмеден тұтқындарды шығара бастады, олардың арасында әр жастағы әйелдер мен қарттар болды. Адамдар әбден арықтаған, беттерінде ұрып-соғудың іздері бар. Оларға машинаға қарай бару бұйырды. Машинаға тиіеу басталған кезде, бірсыпыра тұтқындар машинаға кіруден бас тартты. Бірақ оларды тепкіге оқығып, мылтықтың дүмімен ұрып, машинаға еріксіз кіргізді.

Прокурор айыпталушыдан совет адамдарын жаппай атуға неше рет қатысқандығын сұрады. Айыпталушы өзінің 2 июньде Харьковтың жанындағы деревнялардың бірінде адамдарды атуға қатысқандығын айтты. 300 адам атылуға тиісті болды. Тұтқындар әрбір кіші-кірім топтарға бөлінді. Оларды әсэсовшы-

лар автоматтардан біртіндеп ата бастады.

—Мен, — деді Риц, — бір әсэсовшының қолынан автоматты алдым да тұтқындарды аттым. Атылғандардың ішінде бір балалы әйелдік болғандығы есімде бар. Ол әйел баланы қорғап қалуға тырысып, баланы өз денесімен бүркеді. Бірақ бұл ешбір жәрдем көрсетпеді: оқ әйелден де баладан да өтіп кетті.

Бұдан соң айыпталушы Таганрогтегі және оның жанындағы атулар туралы мәлімдеді. Мұнда 300 адам өлтірілді. Ол Таганрог іргесіндегі шұңқырда 50 адам атылғандығын айтты.

—Мылтық ағылшымен-ақ шұңқырдың іші денелерінен қан жосыған өліктерге лық толды, — дейді Риц. — Бұлардың ішінде әлі өлмегендер де болды. Бұл кезде мен солдаттарға шұңқырға түсіп, тірі қалғандарды өлтіруді ұсындым. Ол әсэсовшының ізінше шұңқырға мен де бардым. Тірі қалған екі адамды мен пистолетпен атып өлтірдім.

Қорғаушылардың сұрақтарына кейін айыпталушы Рицті тергеу аяқталды.

Бұдан соң сот құпия дала полициясының, 560-тобының чиновнигі — айыпталушы Рецлавты тергеуге кірісті.

Адамдарды «газ автомобильдеріне» тиіеуге өзі қатысқандығын мойындай отырып, Рецлав гитлершілдер өздерінің зұлымдықтарының өліктерін қазып алып өртегендіктері мен мәлімдеді.

—Тұншықтырылған адамдардың өліктерін біз барактың сенегіне үйген кезде СДның солдаттары баракқа кіріп, өліктердің үстіне бензин құйды. Сондай-ақ барактың сыртқы қабырғалары да бензинделді, бұдан соң СДның солдаттары барактың ішіне жандырғыш факел тастап, оны өртеді. Мен осы әдіспен тағы да 6 барактың өртелгендігін көрдім.

Құпия дала полициясының комиссары Мелих, тұтқындарды тергегенде изобретательдік білдіруді талап етті. Тергеулердің біріне қатысып, ол Рецлавқа адамдарды қалай азаптау керек екендігін көрсетті.

—Көресізбе, — деді Мелих, — тұтқындарға қарап, — мына біреудің сакалы әдемі-ақ, сіз оның сакалын жұлыңыз, ал екіншісін инемен тісікпеніз.

Рецлав бұл бұйрықты дәлмедей орындады. Бұл барлық азаптар ешбір нәтиже бермегеннен кейін, совет адамдары палачтардың талаптарына орындалудан бас тартқаннан кейін, құпия дала полициясы комиссарының бұйрығы бойынша Харьков трактор заводының ешбір жазықсыз 15 жұмысшысы атып өлтірілген болатын.

(Жалғасы 2-бетте).

Уақытша оккупациялаған кезде Харьков қаласы мен Харьков облысы территориясында неміс-фашист басқыншылардың аюандықтары туралы сот процесі

(Басы 1-Бетте).

Бұл 15 жұмысшыға сіз қандай ғана болмасын қорытынды бердіңіз бе?—деп сұрады председатель айыпталушыдан.

—Жоқ. Құпия полицияға еш уақытта ешбір іс, ешбір қорытынды берілмейтін, деп жауап берді Рецлав.—Мен күр тізім жасадым—да оны полиция комиссарына бердім, сөйтіп бұл тізім бойынша олар атылды.

Рецлав, өзінің мұндай әдісті екі рет-бір рет апрель айында полиция комиссары Карханын бұйрығы бойынша, екінші рет оған кешірек электр станциясының жұмысшылары тұтқынға алынған кезде полиция комиссары Вульфтің бұйрығы бойынша қолданғандығын айтты. Мамандығы бойынша радист, бұдан соң соғыс тұтқындарын күзететін батальонда қызмет істеген Рецлавты, оның бұрынғы бастығы «іріктеп алып», «Альтенбург» батальонына жіберген болатын. Мұнда ол кісі өлтіріп, суайттық істеудің 6 апта-

лық курсында оқыды, сөйтіп құпия полицияның чиновнигі болуға дайындалды.

—Совет адамдарын қыру туралы лекцияларды сіздерге кім оқыды,—деп сұрады председатель.

—Ерекше белгілері бойынша ол герман құпия дада полициясының чиновнигі еді,—деп мәлімдеді айыпталушы.

Еш бір жазықсыз совет адамдарын қырымен үздіксіз шұғылданған дегені мойындай отырып, Рецлав өзінің тікелей командованиесінің бұйрықтарын орындағандықтары туралы айтты.

—Совет адамдарын қыру жөніндегі нұсқауларды кім берді?—деп сұрады председатель.

—Мен бұйрықтарды өзімнің бастықтарымынан алып отырдым,—деп жауап берді Рецлав.—Сондай-ақ герман халқына жылдар бойына ұлтшыл-социалист басшылардың бұл саясат жүргізуі рухында тәрбиеленгендігінде айта кеткім келеді.

16 декабрьдегі кешкі мәжіліс

Кешкі мәжіліс Харьков «СД зондеркомандасының» шофері Булановты тергеумен басталды.

Буланов гитлершілдерді совет адамдарын тұтқынға алуға және өлтіруге апарған. 1942 жылдың декабрында—деді ол,—немістер Харьков қалалық ауруханасында емделіп жатқан бір топ ауруларды атып, Буланов оларды ату орнына апаруға катысты. Ол «газ машинасымен» төрт рет сапарға шығып ату орнына 160 шамалы адамды апарды. Ауруларды машинаға тек жалған қабат ішкі киіммен тиеген оккупанттар Нижне-Чирскі станциясында анағұрлым жантүршігерлік жаппай ату ісін жүргізді. Буланов бұл қылмысқа да қатысты. Нижне-Чирскі ауруханасына балаларды автомобильге тиіп станциядан төрт километр жерге апарған. Буланов балаларды машинадан сүйреп түсіріп оларды шұңқырға қарай апарған. Мұнда неміс офицері тұрып, балаларды атып өлтірген. Балалар қашып құтылуға тырмысып, шырыл-

лап жылады, сөйтіп өздерін босатуы сұрады, бірақ неміс палаталарды аймастан бірін қалдырмай ырды. Булар 6 жасан 12 жасқа ейінгі балалар еді. Буланов «газ машинасын» ремонттады, көбінесе л машинаны тазартып, онда құлақшындар, балалардың аяқтары мен киімдерін және басқа заттарды алады. Буларды адамдардың алдында қысылып жатып ұстап, құлып тастаған көрінеді. —Өзіңнің председельдігің қылымыз үшін сіз немістерді қалай сыйлықтар алдыңыз,—деп сұрады прокурор Булановтан. —Маған юлар ақша төлеу—деп жауап берді Буланов. Сондай-ақ пәек алып тұрып, олардан басқа, атып өлтірілген адамдардың азаматтарының немістер өздерінен жақсыларын тандап, ал кейінгі қалған нәрселерін алады. 16 декабрьдегі кешкі мәжіліс айыпталушы Булановты тергеу талды. (ТАСС).

Уақытша оккупациялаған кезде Харьков қаласы мен Харьков облысы территориясында неміс-фашист басқыншылардың аюандықтары туралы сот процесі

Мемлекеттік айыптаушы юстицияның полковнигі Н. К. ДУНАЕВТЫҢ сөзінен

18 декабрьдегі таңертеңгі мәжілісте председельдік құрушы мемлекеттік айыптаушы юстицияның полковнигі Н. К. ДУНАЕВ жолдасқа сөз берді. Соғыс прокуроры совет жерінде неміс солдаттары мен офицерлерінің істеген барлық қылмыстары үшін, 10 мыңдаған совет адамдарын ақандық пен қырғаны үшін герман үкметі мен герман армиясының командованиясының жауапты екендігін бұлжытастан дәлелдейтін кептеген фактылар мен материалдар келтірді.

—Харьковтегі, Краснодарда да немістер болған барлық жерде,—деді Дунаев жолдас,—ақандықтан, жаппай өлтірудің және талқандап қыйратудың жан түршігерліктей бейнесін кересін. Бүкіл дүние жүзінің көз алдында тау тебе болып қыйраған құрлыстар, домалаған өліктер вур сәулетті қалалары мен селоларының орнында тек қана күл-көкыр қалғандығы бүкіл дүние жүзінің көз алдында көрініп тұр. Атылып, асылып және тұншықтырылып өлтірілген совет адамдарының өліктері терең орлардың аузы мұрнынан асып жатыр.

Мемлекеттік айыптаушы бұл жекелеген немістердің кездейсоқ қылмысы емес, Орыс, Украин, Белорус халықтарын және басқа халықтарды жоюдың терең ойланған әрі жете талқыланған программасы екендігін айтты. Советтер Союзының халықтарын қыруды гитлер бізді неміс-фашист басқыншылар душар еткен соғыстан әлде қайда бұрын айтқан. Гитлер, Геринг, Геббельс, Гиммлер және олар мен бірге төмендегілер-неміс оккупанттарының Харьковтегі, Краснодардағы және басқа совет қалаларындағы істеген аюандықтары мен жаппай адам өлтірулерінің ең басты рух берушілері және ұйымдастырушылары міне осылар болып саналады. Алдын ала және сот зерттеуінде, Харьков қаласы мен Харьков облысының бейбіт адам-

дарын жаппай өлтірген және ақандық істеген СС „Адслф Гитлер“ дивизиясының офицерлері мен солдаттары СС әскерлерінің обер группенфюрері Дитрихтің басқаруындағы, СС әскерлерінің группенфюрері Симонның басқаруындағы СС „ку бастар“ дивизиясының, Харьков қаласындағы Штурмбаннфюрер Ханебиттердің басқаруындағы герман, СДзондеркомандасының Харьков қаласындағы Германия құпия далаполициясының тобы және оның бастығы полиция комиссары Кархан екендігі және бұл іс бойынша айыпталушы Лангхельд, Риц, Рецлав және олардың итаршысы отанын сатушы Буланов екендігі дәлме дәл дәлелденді. Прокурор олардың әр қайсысының істеген аюандықтарын толық атап көрсетті, ешбір даусыз сот дәлелдеулерін, сотталушылардың айыптарын біртіндеп айтты—олардың өздерінің мәлімдемелерін, куәлердің мәлімдемелерін сот-медицина экспертизасының қортындыларын келтірді.

Прокурор бұдан соң Германияның соғыс жүргізудің ережелерін тағайындаған Гаага конвенциясына 1907 жылдан бастап және Женева конвенциясына 1929 жылдан бастап қосылғандығына қарамастан, неміс-фашист басқыншылар соғыс дәстү-

рі мен заңдарын арсыздықпен бұзуда. Гитлер үкметі мен гитлер соғыс үкметтерінің кептеген бұйрықтары зор қылмыс және халық аралық правоны өрескел бұзғандық болып табылатын бұл қылмыстарды істеуге нұсқайды. Бейбіт қалалар мен селоларды өртеуші, бейбіт адамдарды атып өлтіруші, өртегіп жатқан үйлерге әйелдерді, қарттар мен балаларды қуып зорлап кіргізуші герман соғыс қызметшісі бұл жөнінде білмей қоймайды. Бас жауапкершілігіне, бұл қылмыстардың рух берушілері де және сондай-ақ орындаушылары да тартылуға тиіс. Неміс-фашист армиясының әскер қызметшілері болғандар, қазір айыпталушылардың орындарында отырғандар ең ауыр қылмыс істегендер болып саналады, және олар өздерінің істеген зұлымдықтарына сай жазалануға тиіс.

1943 жылы Америка Құрама штаттары, Советтер Союзы және Великобритания өкметтерінің басшылары қол қойған „істеген аюандықтары үшін гитлершілдердің жауаптылықтары туралы декларация“, гитлершілдер өздерінің қанды балақ қылмыстарының қай мемлекеттің территориясында істесе, сол мемлекеттің заңдары бойынша сотталатындықтары ескерілді.

Бұл процессте-деді Дунаев жолдас-неміс топастығының пайдасыз және түршігерлік озбырлықтері бергендігін, қандай табылдық және адам баласына қорқыту рушілік пен қарау бергендігіне кіл адам баласына тағы бір нәрсе көрсетті. Ұлы Сталиннің руындағы батыр Қызыл Армияның немістердің соғыс машинасына бірінші рет ойсырата соққылар берді және неміс бандаларын советтік жерлерден қууда.

Мен Рецлавты, Рицті, Дунановты және Булановты Советтер Союзінің мемлекеттік Республика Жоғарғы Советінің Президиумының 1943 жылғы 19 апрельдегі Указының бірінші бөлімінде көрсетілген қылмыстар мен айыптаймын.

Заң мен әділеттік атымен, 10 мыңдаған азапталған және қорлық көрсетілген адамдардың атымен

Бүкіл халқымыздың атымен Сот азаматтар, мен сіздерге мемлекеттік айыптаушы ретінде де барлық төрт зұлым қылмысшыларды асу арқылы өлім жазасына үкім етуді сұраймын.

Мемлекеттік айыптаушының сөзі неміс тіліне аударылғаннан кейін председельдік құрушы сотталушылардың қорғаушылары адвокаттар Н. В. Коммодов, С. К. Казначеев және Н. Н. Белов жолдас-тарға сөз берді. Булардың әр қайсысының сөзі де неміс тіліне аударылды. Бұдан соң сотталушыларға ақырғы сөз берілді.

23 сағат 40 минутте председельдік құрушы юстицияның генерал-майоры А. М. МЯСНИКОВ жолдас төртінші украин майданы соғыс трибуналының үкімін жариялады. Лангхельд, Вильгельм, Риц Ганс, Рецлав Рейнгарт және Буланов Михаил Петрович асу арқылы өлім жазасына үкім етілді.

Жауапты редактордың орынбасары К. ӘЛМБАЕВ.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН 20 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

20 декабрьде НЕВЕРЬДИН өңтүстік жағында әскерлеріміз шабуылды күшейте отырып, 70тен аса елді пунктті, оның ішінде МАЛАШЕНКА, ЗАГОРЯНЫ, КОЖЕМЯКИ, ПОЛУЯКОВО, КАЛЬЦЫ, ГРИБУЛИ, ПРИВАЛЬНИЙ, ВЕРЕГИЕ елді пункттерін алды.

КОРОСТЕНЬ ауданында әскерлеріміз дұшпанның жаю әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарды.

КИГОВСКОЕ РАДЬТІҢ өңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаю әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің қарсы атакаларын тойтарды, және оны адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығындарға ұшыратты.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және артиллерия-миномет атысы болып тұрды.

19 декабрьде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 82 танкін қыйратты, жойды. Өлеу ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 27 самолеті атын түсірілді.